

Заманауи косметиканың биотехнологиясы

Кабылдаған: Сатыбалдиева Д.Н.
Орындаған: Бт 16-01

Жоспар:

- 1. Шығу тарихы**
- 2. Заманауи косметика құрамындағы ерекше заттар.**
- 3. Косметика жайлы қызықты фактілер.**
- 4. Отандық косметика өнімдері.**


Тарихы

Косметика көне заманнан бастап дамыған. Ежелгі мысырлықтар, римдіктер, арабтар бетін, кірпігін, қабағын бояп, шашын бұйралап, өтірдің орнына хош иісті майларды пайдалана білген. Қайта өрлеу дәуірінде косметика Еуропада кеңінен тарады, әсіресе, Франция 16 ғасырда әдемі косметикалық заттарды даярлаудың және қолданудың негізгі орталығы болды. Бірақ Косметологияның қарқынды дамуы 19 ғасырдың басынан басталады. Косметология өзінің атқаратын қызметіне қарай: дәрігерлік және сәндік Косметология болып ажыратылады.

Косметика (грек тілінде «κοσμητικός» — "әдемілеу, әрлеу өнері") — адамның сыртқы келбетін жақсарту және теріні күту тәсілдері мен құралдары. Косметика сонау көне дәуірлерде-ақ кең тараған. Египеттіктер, римдіктер, арабтар бетін, кірпігін, қабағын бояп, шашын бұйралап, әтірлердің орнына хош иісті майлары пайдаланған. Олар құрамына қазіргідегідей мал және өсімдік майлары, эфир майлары, түрлі шайырлар, бояулар және т.б. енгізілген хош иісті майларды әтір орнына қолданған. Косметика дәрігерлік және сәндік болып екіге бөлінеді.



Өзін-өзі әдемілеу көне заманнан келе жатқан өнердің бір түрі. Археологиялық және этнографиялық зерттеулердің нәтижесінде б.з.б 2000жыл бұрын Мысырда косметика қолданыста болғаны дәлелденді.





Мысырда косметикалық заттармен бетін әдемілеу мен қатар денесін күтіп, сол кезеңдегі сән үлгісімен жүріп, өзгерудің табиғи жолында жүрді: ерінді үлкейту, көзді үлкейту және т.б. Еріндерін бояп үлкейту үшін далап қолданды, шаштарына әртүрлі пайдалы майлар (бальзам) жақты. Осындай жолдармен заманауи косметология – өзінің бастамасын ежелгі Мысыр мәдениетінен алады. Ол жекелеген нақты заттардың көмегімен адамның беті мен денесін сау әрі әдемі етіп күтудегі өнер мен ғылым болып табылады. Сол өткен замандарда косметикамен бақсы, ғылым жолындағы адамдар, шамандар айналысты. Олар косметикалық заттарды барлық мүмкіндіктерінше жасай алатын өнерлері болды. Негізінен олар сәндік косметикалар болды, олардың көмегімен беттің және дененің жетіспеушіліктерімен ақауларын барынша жасырып әдеміледі. Ол бояулы қоспалар мен далаптарды арнайы нақышты әшекейлі плиткаларда дайындаған. Шаш бояуының бір түрі ерте көне заманның XVIII-ші династикасының (шамамен 1580 жыл б.з.б) Мысыр фараонының жұбайына тиесілі болды.



<http://fzu.com.ua>

Көне Персияда әр түрлі косметикалық заттар дайындап шығарған: хош иісті майлар, түрлі майлар, опалар, бояулар және т.б. Сол кездің өзінде тек бет күтімі ғана емес, бүкіл дене күтіміне көңіл бөлген. Дәрежесі биік әйелдерге 6 ай сайын, тіпті одан да жиі бальзамді сылаулар және хош иістендірілген заттармен дәрет алғызып отырған. Сол уақытта сүтпен дәрет алу кең тараған болатын. Мысырдың патша әйелі Клеопатра, император Неронның екінші әйелі болған белгілі Римдік сұлу әйел Пoppея жүйелі түрде ешкі сүтімен шомылып (ванна) қабылдаған екен. Пoppея тіпті саяхат кезінде де арбалы керуенде 500 ұрғашы ешкіні алып жүретін болған. Табиғи сүттегі ақуызды заттар таптырмайтын құнды зат екені баршамызға белгілі. Пoppея – әйелдер тарихындағы бірінші косметикалық рецепттердің авторы болып саналады.

Косметика ең алдымен оңтүстік елдерде дамыды – Индия, Персия, Аравия, Оңтүстік Америкада. Олар ыстық климаттық жағдайда өздерін күн көзінен сақтады. Мүмкін олар сол кездің өзінде әртүрлі эфирлі майлар арқылы өздерін күн көзінен сақтап, сонымен қатар әртүрлі жәндіктердің уынан сақтану үшін косметикалық заттарды жағып қорғануды білсе керек. Сонымен ерте кезден бастап косметика арқылы бет пен денені әдемілеу мақсатымен бірге, оны күн көзінен, желден, жәндіктерден тітіркендіргіш заттардан қорғап жүрген. Кейін мүмкіндігінше әртүрлі эфирлі майларды қолдана бастаған. Олар өзінің әсерімен теріге массаж және де емдік әсерін берген. Әр түрлі косметикалық заттардың бар болғандығын «Одиссее», «Гомера» атты ежелгі грек ескерткіштері еске түсіреді. Медицина атасы Гиппократ: «әйел сұлу болуға лайықты» – деп айтқан. Грецияда дене бітімінің сымбатттылығы және бет терісінің сұлулығын арттыру дағдыға айналған, сол себептен оларда күтінуге ерекше көңіл бөлген. «Косметика» сөзі грек тілінен «әдемілеу өнері» деген мағынаны білдіреді. Көне Римде күндер әйелдердің беті мен денесін әдемілеумен айналысқан. Оларды «косметиками» деп атаған.





Көне косметиканың гүлденуі Римде жетістікке жетті. Ол бүкіл дененің гигиенасымен тығыз байланыта болды. Римдік моншалар мен күнге қыздыруға арналған (солярій) алаңдары орасан зор кең тараған атақтары болды.


Ланолин косметикалық рецептердің негізгі құрамын құрады. Ол өзінің пайдалығымен ерекшеленеді. Атақты римдік дәрігер Гален косметикаларға шынайы әсері бар заттарды қолданған дұрыс деп санады. Римдік мемлекет күлдірегеннен кейін косметикада ұмыт бола бастады. Орта ғасырдағы косметика жайлы азда болса айтуға болады. Шіркеу адам денесін күнәлі және оны күту кінәрат деп санады. Соныен қатар соғыс кезінде дене күтімін орта топтағы адамдардың өзі кейінгі жоспарға қалдырды. Косметика деп аталатын барлық заттарды тек моншаларда ғана қолданды.

Тек орта ғасырдың соңына қарай косметика қайта пайда болуына құқылы болды, яғни қолданыста еркін жүре бастады. Дәл осы уақытта итальяндық Фарини әтірдің дайындалу әдісін ашты. Кең тараған косметика қайта өрлеу дәуіріне жатты. Косметика Мысыр арқылы және басқа шығыс елдерінің өнері арқылы Францияға, содан қалған еуропалық елдерді, сонымен қатар Ресейге де енді. Жоғарыда айтып өткендей бұл косметикалар сәндік (декоративная косметика) болды. Олар өзінің мақсатымен беттің кемшілігін жасыру үшін (Мысалы: кең тараған дақтарды, сол уақыттағы шешек іздерін жабу үшін қолданған.) Косметика өнері XVII ғасырда Францияда өзінің гүлденуіне жетеді. Хош иісті майларды әйелдер мен ерлерде кеңінен қолдана бастады. Мәліметтер бойынша XIV ғасырда қолбасшы Людовик хош иісті эссенция мен косметикалық таңғыштарды өзімен бірге жорықтарға алып шығып жүрген екен.

Сонымен жасанды шаш қою уақыты келе бастады. Бұл мәдени сұлулыққа францияның буржуазиялық революциясы шек қойды. Кейінгі сән үлгілері өзгере бастады, қарапайымдылыққа жету негізгі үлкен мақсат болды. Әйелдердің шынайы сұлулығының уақытты келді, ол шынайы сұлулық пен денсаулық кепілі болды.

Өткен жүз жылдықтың 60 жылдары косметика мықты негізін қалап, гигиеналық талаптарға сай, ғылыми тұрғыда дами бастады. XIX ғасырда Ресейде парфюмерлік өндірістер негіздері қалана бастады, кейіннен косметикалық кабинеттер мен институттар және косметикалық емханалар ашыла бастады.

Дәрігерлік Косметология – гигиеналық, профилактикалық емдік және хирургиялық бөлімдерге бөлінеді, олар терінің түрлі ақауларын (құрғақтығын, майлылығын, безеуді, әжімді, түрлі мең мен қалдарды) болдырмау және жою әдістерін, сондай-ақ, шаш (әйел, еркек және балалардың шашын сәндеу), ауыз іші (тісті күту), маникюр (қолдың тырнақтарын күту), педикюр (аяқтың тырнақтарын күту) күтіміне байланысты гигиеналық емдік шараларды қарастырады. Косметологиялық (эстетикалық) хирургияның негізгі міндеті оперативтік жолмен ақауларды жою, көбінесе, мүшелердің қызметін қалпына келтіру, сонымен қатар адамның сыртқы көрінісін жақсарту. Косметологиялық операцияларға ринопластика, отоластика, ерінге жасалатын пластикалық операциялар, т.б. жатады. Косметологиялық операциялар мынадай жағдайда: мұрынның, еріннің, құлақ жарғағының кемістігін түзету, қал, меңдерді алып тастау, беттегі (маңдай, қабақ, бұғақ мойындағы) әжімді сылу, сондай-ақ, сүт безі жетілмегенде немесе мөлшерден тыс үлкен болған жағдайда, қарынның деформалануы (салақтауы, май жиналуы), аяқтағы санға артық май жиналғанда жасалады. Косметикалық операция жасағанда әр адамның, әсіресе, балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.



Сәндік косметология - адамның сыртқы келбетін әрлеп, беттің кейбір кемістіктерін білдірмеу, не әдемілігін айқындай түсумен шұғылданады. Сәндік косметикалық препараттарға қас пен қабақты бояуға арналған қарындаш, опа, ерін далабы, түрлі витамин қосылған майлар, иіс су, әтірлер, т.б. жатады. Бұл препараттар лабораториялар мен клиникаларда тексеруден өткеннен кейін санитарлық инфекция мекемесінің рұқсатымен сатуға жіберіледі. Косметологиялық емдер мен көмек арнайы емханалар, кабинеттер және салондарда жүргізіледі. Косметология дерматология, хирургия, онкология, эндокринология және медициналық генетикамен тығыз байланыста дамиды.

Косметикалық коллекцияларды демонстрациялау:

1. Косметикалық декоративті пудралар. Химиктердің көзқарасы бойынша жаздың ыстық күндері жағылған пудра зиянды, ол беттің барлық тесіктерін жауып тастайды.

Пудраның екінші функциясы-қорғаныштық. Бет терісі мен мойынды атмосферадағы қышқылдық оксидтерден қорғайды.

Пудраның құрамында тальк, каолин, мырыш пен титанның оксидтері, крахмал, стеарин қышқылының мырыш және магний тұздары, органикалық және бейорганикалық пигменттер, темір(III) оксидінің бөлшекткрібар. Тальк құрғатады. Ол жетіспесе тері майлы жылтыр болады. Тальк пудраның құрамында 50-60% болу керек.

Каолин теріден артық май бөлінуін тежейді. Мырыш оксидінің антисептикалық қасиеті бар және дезинфекциялаушы роль атқарады. Крахмал теріге әдемілік береді, ал мырыш пен магний стеараттары пудраны теріде жақсы ұстайды.

2.Тырнаққа арналған лак. Лак құрамында органикалық еріткіштерде ерітілген нитроцеллюлозаның ерітіндісі бар. Еріткіш ретінде сірке қышқылының амил эфирі,ацетон,әр түрлі спирттер қолданылады.Лакқа пластификаторлар-кастор майы қосылады.

3.Иістендіргіштер. Мамандар әтірлердің иісін үш стадияға бөледі. Бастапқы иіс қақпағын ашқанда сезілетін иіс.Ол иіс 3-5 минут сақталады. Негізгі хош иіс 20-25 сағат сақталады. Әтірдің басым бөлігінде болады. Қалдық хош иістің сақталу ұзақтығы 10-15сағат.Бұл уақытта әтірдің қалған бөлігі тотығады.

4.Шаш бояулары.5 топқа бөлінеді.

- ағартатын бояғыштар.
- химиялық бояғыштар,шаштың кератинімен реакцияға түседі.Оларды тотықтырғыштар дейді,олар шашты сутек пероксидімен тотықтырғаннан кейін бояйды.
- физикалық бояғыштар,кератинмен химиялық реакцияға түспейақ шашқа әсер етеді.
- табиғи бояғыштар-хна,басма.
- металы бар бояғыштар (қолданылмайды).

5.Дезодоранттар.

Олардың құрамында бактериялардың бөлінуін тежейтін және микроорганизмдерді жоятын бактерицидті заттар болады.Препарат құрамындағы заттар тер компоненттерімен әректтесіп, ерімейтін қосылыстар түзеді,тер бездерінің түтікшелерін жауып,тер бөлінуді азайтады.

Видеосюжеттер демонстрацияланады.Аэрозольдардың құрамында жанғыш газдар бояғандықтан,қолдану кезінде өте сақ болу керек:

- жанып тұрған отқа жақындатпау.
- балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау.

Басты назарды "Химия біздің шаш сәнімізде" тақырыбына аудару қажет

1. Шаш жуу ерекше назар аударуды қажет етеді. Кір сабынмен шаш жууға болмайды, шаш құрылысына әсер етеді. Егер су сабын жоқ болса, балалар сабынын пайдалану қажет!
2. Судың әсерінен кератин молекулаларында сутектік және иондық байланыстардың бұзылуы болады. Сондықтан ылғал шашты тарау зиянды.
3. Шашты химиялық бояғыштармен бояғанда тотығу процесінің маңызы зор. Сондықтан бояу кезінде шашқа ауаның жақсы келіп тұруы үшін үнемі тарау керек.

Косметика жайлы қызықты фактілер:

1. Сәнді және емдік косметика ежелгі Мысырда танымалдылыққа ие болды. Мысыр сұлулары шаштарын бояп, опа, қабақ бояуын пайдаланған еді. Папирустарда египеттік арулардың сұлулыққа жету үшін «косметикон» деп аталатын қара үгіндіні көздеріне, мыс малахитін маңдайларына жаққаны суреттеледі. Ал оны жуып, кетіру үшін ұнтақталған кірпіш, құм немесе күлді пайдалануға тура келді. Себебі, ол кезде сабын әлі жоқ еді.
2. Косметолог кәсібі алғаш рет ежелгі Грекияда пайда болған. Әйелдерге бет кемшіліктерінен арылуға көмектескен адамды «космет» деп атаған екен. Ол массаж, сумен емделу, иісмай жағуға кеңес берумен қатар беттің кемшіліктерін косметикамен жасыруға көмек беретін.
3. Римде косметикаға көбірек қызыққан екен. Тіпті, Рим сенаты Египет, Қытай, Арабия елдерінен косметика импорттауды азайту туралы заң қабылдауға мәжбүр болды. Себебі косметика сатып алу қазынаға кері әсерін тигізген еді.
4. Далапты алғаш рет Месопотамияда пайдаланды. Оны қызыл пигмент, балауыз және аңның майынан жасаған екен. Кейінірек далап ежелгі Египет, Грекия мен Римде пайда болды. «Далап» сөзі латынның «romit» сөзінен шыққан. Бұл сөз «алма» мағынасын береді, расында да, алғашқы далаптар алмадан жасалған.

5. Тырнақ бояуы алғаш рет б.з.д. XXX ғасырда ойлап табылды. Қара жұмыспен айналыспайтындарын білдірту үшін қыз-келіншектер 25 см ұзындығына дейін тырнақ өсіретін. Ал еркектер үшін ұзын тырнақ – жамандықтан қорғайтын тұмар саналды.

6. XVII ғасырда опа сәнге айналды. Оны әйелдер де, ер адамдар да бетке, шашқа жаққан. Кейінірек тышқан терісінен жасалған қас жабыстыру да сәнге айналды. Сондай-ақ ауызға дөңгелек пішінді нәрселер салып, бетті дөңгеленген етіп көрсетуге тырысқан. Қоғам алдына өзіңнің табиғи кейпінде шығу – нағыз әдепсіздіктің белгісі саналған екен.

7. Виктория дәуірінде Англия жерінде косметиканы пайдалану, керісінше, әдепсіздік саналған екен. Сондықтан әйелдер еріндерін тістеп, беттерін шымшып, қызартатын.

8. Алғашқы кірпік бояғышты XIX ғасырда «Юджин Риммель» компаниясы ойлап тапты. «Rimmel» сөзі португал, румын тілдерінде «кірпік бояуы» болып аударылады екен.

9. Алғашқы заманауи кірпік бояғышты 1913 жылы Уильямс атты химик өзінің Мабель атты қарындасына арнап ойлап тапты. Ол бояу көмір үгіндісі мен вазелиннен жасалған еді. Mabel аты мен Vaseline атауынан әлемге танымал Maybelline косметикалық компаниясының атауы шықты.

Заманауи косметика құрамындағы ерекше заттар

Косметикалық компаниялардың мамандары теріні күту құралдарын дамыту жолында жаңа құрамдас бөліктерді іздеуде. Терінің кемшіліктерін кетіретін және оған зиян болмайтындай затты табу оңай шаруалардан емес. Әрине құрамдас бөліктердің табиғи болғаны дұрыс. Үйреншікті өсімдік майлары мен экстрактарынан, химиялық қосылыстардан басқа заманауи косметикаға ерекше заттар да кіре алады.

1. Ұлудың шырышы өзінің биохимиялық құрамына байланысты косметологияда ерекше, қайталанбас саналады.. Ондағы аллантоин атты зат күйген жерлер мен жараларды таңғажайып тез емдейді. Гликоль қышқылы теріні терең және жұмсақ тазартады, ал коллаген мен эластин әжімдермен күресудегі басты құрал екенін білесіз. Ұлудың шырышы негізінде жасалған кремдер ұзақ жылдар бойы кетпеген жара, тыртықтарды тез кетіретіні рас. Әрине құрамында ұлудың шырышы бар екендігі жайлы ойласаңыз, мұндай кремді бетке жаққыңыз келмейді. Бірақ шырышты кремге қоспай тұрып, мұқият өңдейтінін білгеніңіз жөн.



Теңіз аскөгі (укроп)

Теңіз аскөгі косметикалық мақсатта өзін жақсы жағынан танытты. Ол ерекше ылғалдандырғыш қасиетке ие. Теңіз аскөгі балдырындағы белсенді заттар терідегі керамид атты заттың синтезін жақсартады, нәтижесінде тері жақсы ылғалданады. Сондай-ақ бұл балдырды артық салмақпен күресетін косметикалық заттарға да қосады. Ал цитрусты иісі үшін оны парфюмериялық салада да қолданады екен.



Купуасу майы

Амазония ормандарында экзотикалық купуасу жемісі өседі. Оның майы ультракүлгін сәулелердің жасан әсерімен күресе алатын табиғи зат болғандықтан, жеміс өте қымбат. Құрамындағы фитостеролдар мен май қышқылдары теріні бір сәтте ылғалдандырады. Сондай-ақ купуасу әлем бойынша адам ағзасын қауіпті бос радикалдардан қорғайтын табиғи зат болып саналады.





Цеолит

Цеолит – жанартаудан алынатын минерал. Цеолит ұнтақ ретінде жасалатын косметикалық құралдарға, мысалы опаға қосады. Бұл ерекше минерал өзіне зиянды заттарды жинап, олардың теріге өтуіне жол бермейді. Сол себепті цеолит қосылған косметика терісінің кемшіліктері (безеу, ұшық) бар қыздар үшін өте қажет. Цеолит қазірде минералды косметика саласында кең қолданысқа ие.

Таза емдік шөптерден жасалған отандық косметика «Айсәуле»

Отандық өнімнің ерекшелігі – оңтүстік Қазақстан облысында өсетін табиғи таза емдік шөптерден жасалуында.



«Айсәуле» табиғи косметика өнімдерінің авторы Сәуле Мұсаева, химия ғылымдарының кандидаты.

«Айсәуле» брендінің ерекшелігі – биологиялық белсенді қоспалардан айрықша үйлесіммен жасалғандығында, консервантсыз, экологиялық жағынан таза, 100 пайыз нәрлендіретін, ылғалданыратын қасиетінде. Тұтынушылар үшін бағасы да қолжетімді екенін айта кеткен жөн.



«RE-BIOMED ғылыми-тәжірибелік орталығы» ЖШС-нің GENOME брендімен инновациялық косметикалық өнімдердің жаңа өндірісін ашудан басталды. Бұл жерде бет терісі мен дене күтіміне арналған косметика шығарылады. Жоба қазақ және неміс ғалымдарының бірлескен күшімен Дүниежүзілік Банк, Ұлттық биотехнология орталығының қолдауымен іске қосылды.



Кәсіпорынның жобалық қуаты жылына 3 млн құты мен косметиканың 20 млн ампуласын құрайды. Өнімдердің қатарында

- крем-гель
- ұлу экстрактысы бар крем
- жасқа қарсы крем
- алманың бағаналық жасушасы экстрактісі бар сарысу, антиагме сарысуы
- бетті макияждан тазартудың үш сатылы жүйесі, биомай,
- көбікше, тоник,
- көздің айналасына арналған крем және екі түрлі бибикремдер бар.



Оңтүстіккореялық косметика өнімдері

TonyMoly (ТониМоли) – Оңтүстік Кореядағы ең танымал брендтердің бірі. Бұл компания ерекше қаптамаларымен танымал. Әрі TonyMoly-дің өнімдері жоғары сапалы және қолжетімді бағамен сатылатынын да ескеру керек. Бренд 2006 жылы құрылған. Компания атауының астарында «сән» және «қаптама» деген сөздер жатыр. Демек, TonyMoly атауын «қаптамаға салынған сән» деп түсінуге болады. Брендтің басты концепциясы қала тұрғындарына арналған сәнді, заманауи косметика ұсынуға құрылған, ал басты мақсаты – нәзік жандылардың терісіне айырылмас дос болатын косметика жасау.



TheFaceShop-тың концепциясы - табиғаттың өзі сыйлаған косметикалық заттар арқылы жасалған өнімдер. Оның негізгі мақсаты адам терісінің денсаулығы мен табиғаттың күші арасында тығыз байланыс орнату. Сондықтан, TheFaceShop адам терісіне барынша қауіпсіз косметика жасауды басты назарда ұстайды. Бренд өзінің танымалдылығын арттыру үшін «Корей толқыны» жұлдыздарымен тығыз жұмыс жасауда.

TheFaceShop компаниясы да беделді брендтердің бірі. Бұл брендтің 2012 жылы 21 елде 930 дүкені ашылса, осы жылдың сәуір айындағы есеп бойынша 29 елде 2300 дүкені ашылған. Солардың ішінде Қазақстан, Тайвань, Жапония, Қытай да бар.



MISSHA (Миша) – оңтүстіккореялық көшбасшы брендтердің бірі. Оның негізі 2000 жылы қаланған, әрі тұтынушылардың жүрегін бірден жаулап алды. Қазіргі кезде отыздан астам елде мыңнан асатын дүкендері бар. Қазақстанда 10 дүкені - Алматы, Астана, Атырау, Ақтөбе қалаларында ашылған. Missha компаниясы «сапа қолжетімді болуы тиіс деген философияны ұстанады. Ал брендтің негізгі ұраны: «Өз теріңізді сүйіңіз, өз жаныңызды сүйіңіз». Missha брендінің өнімдері жоғары сапалылығымен, қолжетімді бағасымен және сән-салтанатты қаптамаларымен ерекшеленеді.

